



## Анықтама

Мектебімізде 2025 жылғы 25 қараша – 10 желтоқсан аралығында «Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күндік белсенді іс-әрекет» республикалық акциясы аясында бірқатар тәрбиелік шаралар ұйымдастырылды. Аталған акция аясында 2025 жылғы 25 қараша мен 10 желтоқсан аралығында мектептің 1–11 сынып оқушылары арасында «Қауіпсіз әлем – өз қолымызда» тақырыбында бірыңғай сынып сағаттары өткізілді.

Сынып сағаттарының мақсаты – оқушыларға зорлық-зомбылықтың түрлері, оның салдары мен алдын алу жолдары туралы түсінік беру, адамгершілікке, бір-бірін құрметтеуге, қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға баулу. Сынып жетекшілері тарапынан бейнероликтер, жағдаяттық сұрақтар, талқылау, пікір алмасу, ситуациялық тапсырмалар ұйымдастырылып, оқушылардың белсенділігі жоғары болды.

Іс-шара барысында балалардың құқығы, отбасындағы және мектептегі қауіпсіздік мәселелері кеңінен қозғалды. Оқушылар өз ой-пікірлерін еркін айтып, өзара қолдау мен сенімнің маңызын түсінді.

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары:

 М.Т.Сейтова  
 А.Д.Жамбырова





## Анықтама

“Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн белсенді іс-әрекет” акциясы аясында мектебімізде ата-аналар арасында волейболдан тартысты әрі қызықты жарыс өтті.

Шараның басты мақсаты — салауатты өмір салтын насихаттау, отбасылық бірлікті нығайту және зорлық-зомбылықсыз орта қалыптастыру.

Ата-аналар белсенділік танытып, ұйымшылдық пен командалық рухтың жарқын үлгісін көрсетті.

## Анықтама

Мектебімізде «Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күндік белсенді іс-әрекет» акциясы аясында «Бақытты өмір – қауіпсіз ортадан басталады» тақырыбында оқушылар арасында бейнероликтер байқауы ұйымдастырылды. Байқаудың мақсаты – оқушыларды қауіпсіздік мәдениетіне баулу, зорлық-зомбылықтың алдын алу, салауатты қарым-қатынас қалыптастыру және бейбіт өмір құндылықтарын насихаттау болды.

Байқауға 3–11 сынып оқушылары белсенді қатысып, өз сынып жетекшілерімен бірге бейнероликтер түсіріп, шығармашылық тұрғыдан ерекше көзге түсті. Жұмыстарда оқушылардың өз ойлары, түрлі жағдаяттар мен өмірлік мысалдар арқылы қауіпсіздікке деген көзқарасы көрініс тапты.

Байқау соңында үздік деп танылған бейнеролик авторлары мен жетекшілері мектеп әкімшілігі тарапынан алғыс хаттармен марапатталды.

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары:



М.Т.Сейтова

А.Д.Жамбырова

## **Анықтама**

2025 жылғы 5 желтоқсан күні мектебімізде 7–8 сынып оқушылары арасында «Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күндік белсенді іс-әрекет» аясында «Салауатты өмір – зорлықсыз қоғам» атты спорттық волейбол жарысы өткізілді. Жарыстың мақсаты – оқушылардың салауатты өмір салтына деген қызығушылығын арттыру, зорлық-зомбылыққа қарсы тұруға шақыру, достық пен ынтымақтастық рухын қалыптастыру.

Шараға қатысқан барлық командалар әділқазылар алқасы тарапынан бағаланып, белсенділік танытқан сыныптар дипломдармен және мадақтамалармен марапатталды. Іс-шара жоғары деңгейде ұйымдастырылып, оқушылар арасында сергектік пен ұйымшылдықты арттырды.

Қоспар:

- 1.ҚР Мемлекеттік Әнұраны
- 2.Мектеп директорының сөзі
- 3.Ән: «Көкбөрі»
- 4.Би: «Қазақ биі»
- 5.Марапаттау рәсімі
- 6.Желтоқсан құрбандарына арнау поэтикалық композициясы
- 7.Ән: «Атамекен»
- 8.Мектеп директорының қорытынды сөзі

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны орындалады.

**Жүргізуші:** Құрметті ұстаздар мен оқушылар! Бүгін біз Қазақ елінің ең қастерлі, ең абыройлы мерекесі – 16 желтоқсан – Тәуелсіздіктің 34 жылдығына арналған

“Тәуелсіздік – Мәңгілік елдің бастауы” атты салтанатты жиынға қош келдіңіздер.

Дәл осы күн – халқымыздың ғасырлар бойғы арманы орындалған күн, еңсесі тіктеліп, еркіндіктің ақ таңы атқан күн.

Кең байтақ, көз жетпейтін жерім менің

Таулы орман, жасыл жайлау көлім менің

Бүгінде бар әлемге даңқың жетті

Тәуелсіз Қазақстан – елім менің

Салтанатты жиынды ашу үшін сөз мектеп директоры Алтын Амангелдіқызына беріледі.

**Жүргізуші:**

Сол күндер ғой жүректің аңсағаны,

Соған шөлдеп, шөліккеп тамсанады,

Өкініш пе, білмеймін қуаныш па

Өз-өзінен жүрегім ән салады.

**10 «А» сынып оқушысы Жарқынұлы Айқынның орындауында ән «Көкбөрі»**

**Жүргізуші:**

Бақытым — Республикам Қазақстан,

Көгінде ақ көгершін, қаздар ұшқан.

Саған жетпес құшағы әлемнің де,

Қыс болса, бір шетінде жаз ауысқан.

**Би «Қазақ биі»**

**(Ортада қазақ биімен 9-10 сынып оқушылары)**

**Жүргізуші:**

Армандарды жақындатып тым алыс,

Біздің жаққа жеткен екен жылы ағыс.

Егемендік — ел бақыты, ертеңі,

О, халайық! Құтты болсын қуаныш!

**Келесі кезекте, оқушыларды марапаттау үшін сөз мектеп директорына беріледі.**

**(оқушыларды марапаттау рәсімі)**

**Жүргізуші:**

Алайық ескі күйдің бәрін жиып,

Жандырған ой-қиялды қалың күйік

Шерттіріп құнарлырақ домбыраға

Тербеліп ырғағына тамылжиық

**«Домбыра күйі»**

**Орындаушылар: Әденбек Жанерке, Русланқызы Жауһар, Алтынбекқызы Раяна**

**Жүргізуші:**

Қазақ дейтін менің бір елім,

Жатыр алып жарты дүние әлемін.

Бұл даланы анам жаспен суарған,

Бұл далаға жылап келіп қуанған

Тәуелсіздік – ата-бабамыздың ғасырлар бойғы күресінің жемісі. Керей мен Жәнібек құрған хандықтан бастап, Исатай–Махамбет, Кенесары хан ерліктері, 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі – бәрі де еркіндікке жасаған қадам еді. Талай қиындықты бастан кешірсе де, ешқашан мойымай, күресе білді. Азаттық таңы туатынына кәміл сеніп, үміттерін үзбеді.

**Желтоқсан құрбандарына арнау поэтикалық композициясы**

**Хор: «Атамекен»**

**Жүргізуші:**

Дақ түсірме ата-баба рухына

Үлгі бізге аталардың ерлігі

Ұлағаты өнегесі еңбегі,

Тәуелсіздік туын ұстап жоғары

Бүгінгі ұрпақ болар елдің ертеңі-дей келе бүгінгі тәуелсіздігіміздің 34 жылдығына арналған

“Тәуелсіздік – Мәңгілік елдің бастауы” атты салтанатты жиынымыз өз мәресіне жетті. Осы мерекемен баршаңызды құттықтай отырып, еліміз аман, жұртымыз бейбіт болсын дейміз! Келесі кездескенше сау болыңыздар!

## «Тәуелсіз ел - болашағым» тақырыбындағы 2 – 4 сынып оқушылары арасында мәнерлеп оқу сайысы

**Мақсаты:** Тәуелсіздік құндылығын оқушыларға түсіндіру. Оқушылардың патриоттық сезімін арттыру, сөз өнеріне, мәнерлеп оқуға қызығушылығын дамыту.

**Форматы:** Мәнерлеп оқу сайысы

**Қатысушылар:** 2–4 сынып оқушылары

### Мемлекеттік әнұран орындалады

**Жүргізуші:** -Қайырлы күн, құрметті ұстаздар мен оқушылар! Бүгінгі «Тәуелсіз ел - болашағым» атты бастауыш сынып оқушылары арасындағы мәнерлеп оқу сайысына қош келдіңіздер! Әр елдің, әр халықтың мандайына жазылған өз тағдыры бар. Біздің тағдырымыз – Тәуелсіз Қазақстан! 1991 жылы 16 желтоқсанда тәуелсіздік туын тіктік. Осы күн — барша қазақ жұрты үшін ұлық мейрам. Олай болса, болмасаң да ұқсап бақ дегендей біздің оқушыларымыз бүгінгі күні өз Отанына, туған еліне деген сүйіспеншіліктерін аға-апаларының өлең-жырларын жаттап, елжанды болып өсіп келе жатқандықтарын дәлелдемек. Сіздердің алдырыңызда кішкентай ұл – қыздарыңыз «Тәуелсіз ел - болашағым» атты мәнерлеп оқу сайысына қатысып өз бақтарын сынамақ.

*(Әр қатысушы сахнаға шақырылады. Жүргізуші аты – жөндерімен, сыныбын атап таныстырады, жүргізуші Тәуелсіздік туралы жеңіл, танымдық 1 – 2 сұрақ қояды – белсенділік үшін. Реттік номерлерін таңдайды.)*

*Мысалы: – Тәуелсіздік күні қашан атап өтіледі?*

*– Қазақстанның астанасы қай қала?*

*– Мемлекеттік рәміздерді ата.*

2 а сынып Хайролла Кәусар «Тәуелсіздік таңы атқан» авторы М.Мақатаев.  
Нұржанқызы Нұрсана «Тәуелсіздік алған күн» авторы Қайрат Әлімқұлов,  
Мендібек Батыр «Желтоқсан» авторы Абдрахман Асылбеков

2 ә сынып Бақтығали Мансур «Тәуелсіз Ел» авторы Айдана Талғатқызы

2 б сынып Даниярұлы Абдуррахман «Тәуелсіздік» авторы Бағдат Мажитов

2 в сынып Габитов Мирас «Тәуелсіздік алған күн» авторы Қайрат  
Әлімқұлов

3 а сынып Ғафурұлы Ералы «Тәуелсіздік деген не?» авторы Бауыржан  
Ширмедин

3 ә сынып Мыңбай Нұрислам, Ғалымжан Аиша (дуэт) «Ерлікті көзбен  
көрген күн» Ақшатап Бақтыгереева

3 б сынып Мұхамбет Аружан «Желтоқсан» авторы Санжар Керімбай

3 в сынып Саламатқызы Ақбота «Тәуелсіздік» авторы Қалқаман Сарин

4 а сынып Ұзақпай Арайлым «Тәуелсіздік» Қалқаман Сарин

4 ә сынып Сейтқали Мансур «Отан» автор Мұқағали Мақатаев

4 б сынып Ринатқызы Еркеназ «Қазақстан-Отаным» автор Ж.Ысқақова

Сайыстың ережесімен таныстырып кетейін, өлеңнің тақырыбы айқын болуы шарт, өлең жатқа әрі мәнерлеп оқылуға тиісті (сахнаға кітап немесе парақпен шығуға рұқсат етілмейді) өлең оқыған оқушының жүріс – тұрысына, сахнадағы мәдениетіне, дауыс мәнері мен ырғағына, сөзді анық, таза айтуына назар аударылады.

-Құрметті оқушылар, бүгінгі сайыста сіздерге өздерінің әділ бағасын беріп, бағалайтын әділқазылар алқасымен таныс болыңыздар.

1. Мектеп директоры – Султанова Алтын Амангелдіқызы

2. Қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі – Гуляем Орынғалиқызы

3. Қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі – Габдуллина Гүлсім Самиғоллақызы

### Рахметова Райянананың орындауында «Тәуелсіз қазақтың қызымын» әні

#### **Жүргізуші:**

-Ендігі кезекті сайыскерлерімізге берейік. Тандалған реттік номерлеріңіз бойынша кезекпен сахнаға шығып, өлең жолдарын оқисыздар. Олай болса, қатысушыларымызға сәттілік! *(әр оқушыны ретімен атап, ортаға шақыру, аты-жөні, сыныбы, оқитын өлеңі мен авторы аталады)*

1 нөмірлі қатысушымыз: *Лаараша Каусар*

2 нөмірлі қатысушымыз:

3 нөмірлі қатысушымыз:

4 нөмірлі қатысушымыз:

5 нөмірлі қатысушымыз:

6 нөмірлі қатысушымыз:

7 нөмірлі қатысушымыз:

### (7 оқушыдан соң) алдарыңызда «Домбыра» күйімен мектебіміздің домбырашы қыздарымыз Әділбек Жанерке, Русланқызы Жауһар, Алтынбекқызы Райана

8 нөмірлі қатысушымыз:

9 нөмірлі қатысушымыз:

10 нөмірлі қатысушымыз:

11 нөмірлі қатысушымыз:

12 нөмірлі қатысушымыз:

13 нөмірлі қатысушымыз:

*Осымен мәнерлеп оқу сайына қатысушы оқушыларымыз өлең жолдарын оқып аяқтады, ендігі кезекте әділ қазылар өз шешімдерін шығарып болғанша әдемі әнге кезек берейік*

тағзы 6 оқушыдан кейін) Исатай Аңсардың орындауында «Көк байрағым» әні

**Жүргізуші:**

Жеңістер мен жеңілістен тұратын

Өмір – күрес, жеткізе ме мұратын?!

Жеңбедім, жеңілдім деп ренжімегін,

Қатысу да бір жеңіс жан болсаң сен ұғатын.

-Құрметті көрермендер, бүгінгі сайыс болашағымыздың жарқын бейнесіндей болды. Оқушыларымыз елін, жерін сүйетін нағыз азамат екенін көрсетті. Олай болса сөз кезегін әділ қазылар алқасының шешіміне береміз.

*(Марапаттау сәті. Жеңімпаздар аталып, марапатталады.)*

**Жүргізуші:** -Жеңімпаз оқушылар мен белсенді қатысушыларымызды шын жүректен құттықтаймыз! Еліміздің ертеңі – осындай білімді, өнерлі ұрпақтың қолында! Тәуелсіздігіміз мәңгілік болсын!

**“Көк тудың желбірегені” әнін бірге айтуға немесе фон ретінде қоюға болады.**

## 2 – 4 сыныптар арасында мәнерлеп оқу сайысы

### 2 сыныптар бойынша қатысушылар:

**2 а сынып** Хайролла Кәусар «Тәуелсіздік таңы атқан» авторы М.Мақатаев.  
Нұржанқызы Нұрсана «Тәуелсіздік алған күн» авторы Қайрат Әлімқұлов,  
Меңдібек Батыр «Желтоқсан» авторы Абдрахман Асылбеков

**2 ә сынып** Бақтығали Мансур «Тәуелсіз Ел» авторы Айдана Талғатқызы

**2 б сынып** Даниярұлы Абдуррахман «Тәуелсіздік» авторы Бағдат Мажитов

**2 в сынып** Габитов Мирас «Тәуелсіздік алған күн» авторы Қайрат  
Әлімқұлов

### 3 сыныптар бойынша қатысушылар:

**3 а сынып** Ғафурұлы Ералы «Тәуелсіздік деген не?» авторы Бауыржан  
Ширмедин

**3 ә сынып** Мыңбай Нұрислам, Ғалымжан Аиша (дуэт) «Ерлікті көзбен  
көрген күн» Ақұштап Бақтыгереева

**3 б сынып** Мұхамбет Аружан «Желтоқсан» авторы Санжар Керімбай

**3 в сынып** Саламатқызы Ақбота «Тәуелсіздік» авторы Қалқаман Сарин

### 4 сыныптар бойынша қатысушылар:

**4 а сынып** Ұзақпай Арайлым «Тәуелсіздік» Қалқаман Сарин

**4ә сынып** Сейтқали Мансур «Отан» автор Мұқағали Мақатаев

**4б сынып** Ринатқызы Еркеназ «Қазақстан-Отаным» автор Ж.Ысқақова

### Сайыстың ережесі:

Өлеңнің тақырыбы айқын болуы шарт, өлең жатқа әрі мәнерлеп оқылуға тиісті (сахнаға кітап немесе парақпен шығуға рұқсат етілмейді) өлең оқыған оқушының жүріс – тұрысына, сахнадағы мәдениетіне, дауыс мәнері мен ырғағына, сөзді анық, таза айтуына назар аударылады.

### Өлең көлемі:

- 2 – сынып:

- Жол саны: 6–8 жол

- Шумақ саны: 1–2

- 3 – сынып:

- Жол саны: 8–12 жол

- Шумақ саны: 2–3

- 4 – сынып:

- Жол саны: 12–16 жол

- Шумақ саны: 3–4

## Анықтама

Мектебімізде 29 желтоқсан күні “Жыл қорытындысы – 2025” атты мерекелік шара өтті. Шара барысында мектеп ұстаздары мен кіші қызметкерлердің жыл бойы атқарған еңбектері бағаланып, арнайы марапаттау рәсімі ұйымдастырылды.

Мерекелік кешке жас ұстаздар белсене қатысып, әсерлі әндер шырқап, көріністер қойып, көңілді ойындармен шараны жандандыра түсті.

Бұл кеш ұстаздарға көтеріңкі көңіл-күй сыйлап, бір жылдық еңбектің жемісін сезіндірген шынайы алғыс пен құрметке толы ерекше сәт болды.

## Анықтама

Мектеп ұжымы арасында кітап оқу мәдениетін қалыптастыру, көркем шығармаларды оқуға қызығушылықты арттыру, рухани дамуға ықпал ету мақсатында мұғалімдер арасында кітап оқу сайысы ұйымдастырылды.

Аталған жоба аясында ұстаздар ұсынылған көркем шығарманы (мысалы, Смағұл Елубайдың «Жалған дүние» романы) оқып, өзара пікір алмасып, шығарма мазмұнын талқылады.

Жоба соңында оқылған кітап бойынша мұғалімдерге тест жұмысы жүргізілді. Тест нәтижелері арқылы мұғалімдердің шығарманы түсіну, сараптау, мазмұнын меңгеру деңгейлері анықталды. Тест жұмысының қорытындысы бойынша жоғары балл жинаған мұғалімдер мектеп әкімшілігі тарапынан алғыс хаттармен және арнайы марапаттармен марапатталды. Бұл іс-шара мұғалімдердің оқу сауаттылығын арттыруға, ойлау қабілетін дамытуға, шығармашылық ізденістеріне оң әсерін тигізді.



Бекітемін  
Мектеп директоры  
А.А.Султанова

Ә.Жангелдин атындағы орта мектеп бойынша Жаңа 2026 жылды қарсы алуға арналған 1 – 11 сыныптардың шараларды өткізу кестесі

№	Сыныбы	Өтетін күні/уақыты	Сынып жетекшілер		Жауапты
1	1 сыныптар	25.12.2025 09:30 – 10:30	1 «а» Салиева Ғ 1 «ә» Сармекова Л 1 «б» Утешова Қ		Мектеп әкімшілігі Сынып жетекшілер
2	2 сыныптар	25.12.2025 11:00 – 12:00	2 «а» Рахманова Г 2 «ә» Умбетова Ш 2 «б» Джайлаубаева Ж 2 «в» Анесова Л		Мектеп әкімшілігі Сынып жетекшілер
3	3 сыныптар	25.12.2025 14:00 – 15:00	3 «а» Кужахметова Т 3 «ә» Кабдулова С 3 «б» Сартаева Г 3 «в» Бекмуханова А		Мектеп әкімшілігі Сынып жетекшілер
4	4 сыныптар	25.12.2025 15:30 – 16:30	4 «а» Ищанова Л 4 «ә» Тасимова Ә 4 «б» Калымова А 4 арн Муханбеткалиева М		Мектеп әкімшілігі Сынып жетекшілер
5	5 – 6 сыныптар	26.12.2025 10:00 – 11:30	5 «а» Сагиндикова Р 5 «ә» Әнтепова А 5 «б» Беркінқызы А 5 «в» Муратова А	6 «а» Даулетова А 6 «ә» Құспан А	Мектеп әкімшілігі Сынып жетекшілер
6	7 – 8 сыныптар	26.12.2025 14:00 – 16:00	7 «а» Асқарқызы А 7 «ә» Куанишова Л 7 «б» Кузенбаева Г 7 «в» Калидуллина Г 7 арнаулы Габдуллина Г	8 «а» Утегалиева Т 8 «ә» Нурумова Б	Мектеп әкімшілігі Сынып жетекшілер
7	9 – 10 – 11 сыныптар	26.12.2025 16:30 – 19:00	9 «а» Зинелова Ж 9 «ә» Кереева Г 9 «б» Ережепова А 9 «в» Жамбырова А	10 «а» Шаяхметова Г 10 «ә» Дошымбетова А 11 «а» Ергалиева Қ	Мектеп әкімшілігі Сынып жетекшілер

**Тақырыбы: "Қош келдің, Жаңа жыл-жаңа белес, жаңа арман!"**

**Қатысушылар:**

- Аяз ата
- Ақшақар
- Жылан
- Жылқы
- Жүргізуші (немесе Ақшақар өзі жүргізе алады)

**1-бөлім:**

**Жүргізуші:**

Жаңа жылдың таңы неткен арайлы,

Ақ мамыққа бөлеп алды маңайды.

Бақыт, шаттық, молшылық пен тыныштық,

Бәрімізге әкелсін мына арай жыл.

– Құрметті ұстаздар мен оқушылар!

Қысқы ғажайыпқа толы мереке – Жаңа жыл бәрімізге құт – береке әкелсін!

Мерекелік кешіміздің шымылдығын ашу үшін, ізгі тілегін арнап, жүрекжарды лебізін білдіру мақсатында мектебіміздің директоры Алтын Амангелдіқызына сөз кезегін береміз. Қошеметпен қарсы алайық!

– Оқушылар, көңіл күйлеріңіз жақсы ма? жаңа жылдық мерекелік шарамызды бастау үшін бізге кімдер жетіспейді? Қалай ойлайсындар?

*(балалар аяз ата мен ақшақар деп жауап береді)*

-Қане, олай болса бәріміз бірге Аяз ата мен ақшақарды ортамызға шақырайық!

*(Балалармен бірге 3 рет «Аяз ата! Ақшақар!» деп шақырады) (Аяз ата мен ақшақар кіреді)*

**Аяз ата:** - Сәлем, менің сүйікті балаларым!

Қытымыр қыспен бірге, ақ қар жауып, шаттыққа толы Жаңа жыл да келіп жетті! Сендердің жарқын күлкілерің мен қуанышты жүздерінді көру – мен үшін үлкен бақыт! Жаңа жыл сендерге денсаулық, табыс, жаңа белестер мен қуанышты сәттер әкелсін! Ал енді, менімен бірге би билеп, ойын ойнап, көңіл көтеруге дайынсындар ма?!

**Ақшақар:** Сәлеметсіздер ме, ардақты ұстаздар, қадірлі қонақтар және сүйікті балалар! Мен де сендерді сағына келдім! Ақ қарлы қысыммен, жарқыраған Жаңа жыл мерекесін бірге қарсы алу үшін асыға жеттім! Жаңа жыл – армандар орындалатын, тілектер ақ қардай таза болатын ерекше мейрам! Бүгінгі кеште көңіл көтеріп, бірге ән айтып, ойын ойнаймыз. Көңіл – күйіміз керемет болсын, шаттық пен күлкі ортамыздан кетпесін!

**Жүргізуші:** Оқушылар, ойын ойнауға қалай қарайсындар? Ендеше көңілді ойындарға кезек берейік.

*(Ұйымдастырушы оқушылар мен ақшақар ойындар ойнатады.)*

## **2-бөлім: Ойындар**

Ойын 1: «Қар түйіршігін жина»

- 2 команда оқушы (ауысып шығады)

- Қасыққа қағаздан жасалған «қарды» салып, ыдысқа жинайды (көздері байлануы керек)

- Қай топ көп жинаса — жеңімпаз!

(Әр сыныптың өнерлері тамашаланады. 3 сыныптың номері кетеді)

### **«Ардақты достар!**

Мен — жыл иесі Жыланмын.

Бұл жылда сендерге сабыр, ақыл және табандылық тілеп келдім.

Жақсы істер көбейіп, қиындықтар артта қалды деп сенемін. Енді мен өз орнымды келесі жыл иесіне тапсырып, тыныш қана кеткелі тұрмын.

Жаңа жыл сендерге қуаныш, денсаулық,

армандардың орындалуын әкелсін! Жаңа жылдарың құтты болсын!»

### **«Сәлем, достар!**

Мен — жаңа жылдың иесі Жылқымын!

Желдей жүйрік қадаммен,

қуат пен еңбекке толы жылды ала келдім. Бұл жыл — алға ұмтылу жылы, мақсатқа жету, тынымсыз еңбек ету жылы болсын.

Бірлік бар жерде — береке,

еңбек бар жерде — жеңіс болсын! Жаңа жылда жолдарың ашық,

қадамдарың нық, арман-мақсаттарың биік болсын! Алға, жаңа жылға бірге қадам басайық!

Жаңа жылдарың құтты болсын!» \

(осы жерде жылан мен жылқы би билетеді)

Ойын 2: «Әнді тап!»

- Әр түрлі әріптерді айтады, сол әріптен басталатын ән ойлап табады.

- Ең қызықты немесе көп сөз айтқан оқушы жеңеді.

Ойын 3: «Молекула»

- ортаға 15 оқушы шығады. айтылға сан бойынша тез тез жиналып қалуы керек

(Әр сыныптың өнерлері тамашаланады. 3 сыныптың номері кетеді)

## **3-бөлім: Қорытынды**

Жылан қоштасу сөзі.

Ақшақар:

Қандай тамаша, көңілді балаларсыңдар! Барлығы белсенді қатысып, керемет әсер алдық!

Аяз ата:

Жаңа жылда сабақты жақсы оқып, тәртіпті болыңдар! Әр отбасында шаттық пен бейбітшілік болсын!

Екеуі бірге:

Жаңа жыл құтты болсын!

## «Екі жұлдыз» сценарий

**Жүргізуші:** Армысыздар, құрметті ұстаздар, ата – аналар және қонақтар!

Қырандай қалықтап,  
Әсем әнмен шарықтап,  
Жангелдинді аралап,  
Өнерліні жағалап,  
«Екі жұлдыз» байқауы да міне, біздің мектепке келіп жетті.

Қазақ халқы қашанда өнермен, өнерпазға кенде де болмаған.  
Ал, ән әлеміндегі жұлдыздарымыздың орны бөлек. Аспан әлеміндегі сан жұлдыздың жарқырай көрінуі – бағының жанып, бабының келіскені деп ұғамыз.  
Олай болса, бүгінгі «Екі жұлдыз» байқауына қош келдіңіздер!  
Бүгінгі байқауымызды ашу үшін сөз кезегі мектебіміздің басшысы Султанова Алтын Амангелдиевнаға беріледі

Құрметті қонақтар, бүгінгі «Екі жұлдыз» байқауы екі кезеңнен тұрады:

1. Бірінші кезең «Әнді сүйсең менше сүй» деп аталады. Ата- аналар балаларымен жұптасып еркін тақырыпта ән айтуларын тамашалайтын боламыз.
2. Ал, екінші кезең «Тапқыр болсаң тауып көр» деп аталады. Яғни, қатысушылар ұяшықтарды таңдап әнді, күйді табу қажет.

Ендеше жұптарды ортаға шақырмастан бұрын бүгін осы жұптарды номинация бойынша марапаттайтын және кімнің нағыз жұлдыз екенін шешетін адам керек. Олай болса, ең алдымен әділ қазылар алқасымен таныс болайық:

1. Мектеп директоры – Султанова Алтын Амангелдиевна
2. Бастауыш сыныптар бойынша оқу ісінің меңгерушісі – Утешова Қарлығаш Патриотовна
3. Музыка пәні мұғалімі Ғилымова Алтынай Дүйсекенқызы

Ал енді күміс көмей, жұлдызды жұптарымызды ортаға шақырайық:

1	3 «б» сынып оқушысы Нұрлан Иманғали Мадияұлы және анасы Абдраева Эльвира Серікқызы	«Дарите женщинам цветы» әні
2	5 «ә» сынып оқушысы Бекболат Ділдә және анасы Нұрымбетова Алия	«Аяулы ана»әні
3	5 «б» сынып оқушысы Ғасырқызы Карина және әкесі Ғасыр Турарович	«Ақерке» әні
4	4 «а» сынып оқушысы Ермек Жанерке және анасы Ерғалиева Қарлығаш Қанатқалиевна	«Алғыс» әні
5	5 «в» сынып оқушысы Ринатұлы Иса және анасы Қисаева Жанерке	«Бауырларым»әні

Жұлдызды жұптарымыз сахна төріне келіп болса, кезектерін білу үшін жеребе тәсілін қолданмыз:

(Ортаға шығып, номерок таңдайды)

1. Жасұрқызы Карина жесімен
2. Бекболат Дидіз анасымен
3. Әмірек Жапарке анасымен
4. Тинатұлы Иса анасымен
5. Нурман Иманғали анасымен

**Жүргізуші:**

Қатысушыларымыз бірінші кезеңге дайындалып алғанша әдемі әуенге кезек берейік. Алдарыңызда 10 сынып оқушысы Жарқынұлы Айқынның орындауында «Сәйгүлік» әні

1. Өнер десе, қанатын өрге сүйрететін өнерпаз алғашқы жұптарымызды ортаға шақырамыз

Жасұрқызы Карина жесі Жасұр Шұраарұлы  
"Әкерке" әнімен

2. Өнерінің күшімен, сіздерге әсем әнін арнайтын келесі жұбымыз

Бекболат Дидіз анасы Нуримбетова Әлия  
"Жүзеге ала" әнімен

3. Қазақ қонақ келсе төрге,

Әнші келсе өрге,

Аққу келсе,

Көлге сүйреген- халыққой. Ендеше, жұптасқан келесі жұбымызды қошеметпен ортаға шақырайық.

Әмірек Жапарке анасы Әбішевә Барықаша  
"Дизан" әнімен

4. Өнерпаз боп ән салған

Ән айтқанда, таңға айтқан

Таңға айтқанда,

Жанды айтқан -демекші, жанды дауысты келесі жұпты қарсы алыңыздар

Тинатұлы Иса анасы Қисаева Жапарке  
"Жауапкершілік" әнімен

5. Әнмен маржан өретін

Өнерін халқым көретін,

Жұптасып бізге ән айтып беретін, 1-ші кезеңнің нүктесін қоятын дарынды жұбымыз

Нурман Иманғали анасы Абдраева Зейнара  
"Дарынды жетілдіретін ән" әнімен

**Жүргізуші:** Әр жұптың өзіндік ерекшеліктері мен артықшылықтары болды. Осымен бірінші кезеңі аяқталды, ендеше байқауымыздың екінші кезеңін бастауға рұқсат етіңіздер. Бүгінгі сахна төрінде өнер көрсеткен жұлдызды жұптарды қошеметпен ортаға шақырайық.

Қазір тақтадағы ұяшықтарда әндер жасырылған, сол әннің атын немесе қай фильмнің, мультфильмнің музыкасы екенін тауып, сұрақтарға дұрыс жауап беру қажет.

*Қатысушыларымызға рахмет айтып, сахна сыртына қошеметпен шығарып салайық. Әділқазы алқалары жеңімпаздарды ақылдасып болғанша ортада мектебіміздің музыка пәні мұғалімі Кәрімұлы Райымбекті әсем әуенмен қарсы алайық.*

Жұлдызды жұптарды марапаттау үшін Мектеп директоры Султанова Алтын Амангелдиевнаға сөз кезегі беріледі.

*(марапаттау жүреді)*

**Жүргізуші:**

Құрметті ұстаздар, оқушылар, қадірменді қонақтар!

Осымен «Екі жұлдыз» байқауы да өз мәресіне жетті. Жұлдызды жұптарды алған номинациялары бойынша шын жүректен құттықтаймыз.

**Әр жұп жұлдыз болуға лайықты,  
Қос жұптардың жұлдыздарын бірге жағайық.  
Келесі кеште жолыққанша,  
Хош сау болыңыздар!**

**«Заң бар жерде тәртіп бар» құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша  
оқушылармен өткізілген іс-шараның аналитикалық талдамасы**

**Өткізілген орны:** Ә.Жангелдин атындағы орта мектеп АКТ зал

**Қатысқан оқушылар саны:** 18 оқушы

**Өткізген:** Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – М.Т.Сейтова


Психологтар – С.Т.Махмутова, Г.Б.Кузенбаева

2026 жылдың 28 қаңтар күні мектебімізде «Заң және тәртіп» айы аясында құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша 8 – 10 сынып оқушылары арасында «Заң бар жерде тәртіп бар» тақырыбында іс – шара өткізілді. Іс – шараға жалпы білім алушылармен қатар ішкі бақылауда тұрған оқушылар, барлығы 18 оқушы қамтылды.

Іс – шара барысында оқушыларға құқықбұзушылық ұғымы, оның түрлері, салдары және заң алдындағы жауапкершілік туралы ақпарат берілді. Тақырып аясында түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, сұрақ-жауап алмасу ұйымдастырылды. Алайда іс – шара барысында оқушылардың белсенділік деңгейі төмен болды. Көпшілік оқушылар тыңдаушы рөлінде қалып, талқылауға белсенді қатысқан жоқ. Кейбір оқушылар мүлде пікір білдірмей, пассивті мінез көрсетті. Ішкі бақылауда тұрған оқушылар тарапынан да белсенділік байқалмады. Талдау нәтижесінде іс – шараның ақпараттық бағыты ішінара орындалғанымен, оқушыларды қызықтыру және оларды ашық пікір айтуға тарту бағытында кемшіліктер анықталды. Кері байланыс деңгейі жеткіліксіз болды.

Алдағы уақытта құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша іс – шаралардың тиімділігін арттыру мақсатында интерактивті әдістерді қолдану (топтық жұмыс, жағдаяттық тапсырмалар, рөлдік ойындар, бейнероликтер), оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктерін ескеру, сондай – ақ ішкі бақылауда тұрған оқушылармен жеке профилактикалық жұмыстарды күшейту ұсынылады.

**Қорытынды:**

1. Бұл оқушылармен және (профилактикалық) сұрақтардан қызығушылық
  2. Өткізілу құрылымы өзгерту => басқа форматта беруге бағылау алгоритмі немесе
  3. Сұрақ қайрау нақты нәтиже беруге бағылау алгоритмі немесе критерийлер уақыт керек.
  4. Өткізіп отырған кезеңнің өзінше сол сұраққа кейіптен беруді және сұраққа еркін сұрақтарды және қызық отырса, сол сұраққа жауап беру бағыты.
  5. Жауапкершілік сабақ алу немесе, кейстер нақты форматпен беруге еркін сұрақтарды беруге бағылау еркін сұрақтарды беруге бағылау.
- Жұмыстарының уақыты: 11-12 ақпан. Ақпан.
- Мектеп директоры! 

**Ә.Жангелдин атындағы орта мектеп КММ бойынша «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында «Заң және тәртіп» айының анықтамасы**

Заң және тәртіп айы аясында мектептің барлық сыныптарында жоспарға сәйкес сынып сағаттары өткізілді. Сынып сағаттарының мақсаты – оқушылардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру, заң талаптарын сақтаудың маңызын түсіндіру және тәртіпке баулу. Іс-шара барысында оқушыларға Қазақстан Республикасының заңдары, оқушының құқықтары мен міндеттері туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Түрлі пікірталас, сұрақ-жауап, жағдаяттық тапсырмалар арқылы оқушылардың құқықтық сауаттылығы арттырылды. Сынып сағаттары мазмұнды әрі тәрбиелік бағытта өтіп, оқушылардың белсенді қатысуымен ұйымдастырылды.

<https://www.facebook.com/share/v/18FYf8Vbqj/?mibextid=wwXlfr>

<https://www.facebook.com/share/v/1ajnEKnxK3/?mibextid=wwXlfr>

09.01.2026 күні 8 сынып білім алушыларына Атырау ҚПБ №1 ҚПБ ҚҚБ ЮПТ УПИ полиция капитаны А. Каныкомованың қатысумен есірткі және сол тәріздес заттарды қолдану бойынша жауапкершіліктің түрлерін мектеп оқушыларына түсіндірме жұмысын жүргізді. Есірткіге байланысты Қылмыстық Кодекстің 296, 297, 297-1, 299-1 баптары мен жауапкершілікке тартылатындығын айтып, ескертті.

<https://www.facebook.com/share/p/14XnAZJT3kJ/?mibextid=wwXlfr>

21.01.2026 күні Атырау облысы полиция департаменті Киберқылмысқа қарсы іс-қимыл басқармасының жедел уәкілі полиция капитаны Д.М.Муханбеталиев пен Атырау ҚПБ №1 ҚПБ ҚҚБ ЮПТ УПИ полиция капитаны А. Каныкомованың қатысумен мектебімізде оқушылар арасында интернет алаяқтықтың алдын алу мақсатында профилактикалық шара өткізілді. Іс-шараның мақсаты – білім алушыларды интернет кеңістігіндегі қауіп-қатерлерден сақтандыру, алаяқтық түрлері туралы ақпараттандыру және цифрлық сауаттылықты арттыру. Шара барысында интернет алаяқтықтың кең тараған түрлері, жеке деректерді қорғау жолдары, күмәнді сілтемелер мен хабарламалардан сақтану тәсілдері түсіндірілді. Сонымен қатар нақты өмірлік мысалдар келтіріліп, оқушылармен сұрақ-жауап жұмыстары жүргізілді. Профилактикалық шара оқушылардың қызығушылығын оятып, интернеттегі қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға бағытталды.

<https://www.instagram.com/p/DUQKQjvDJRc/?igsh=c3p1YmidsbnFnaDgl>

23 қаңтар “Заң және тәртіп” жобасы аясында сурет байқауы ұйымдастырылды. Байқаудың негізгі мақсаты – оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, заң мен тәртіптің қоғамдағы маңызын түсіндіру, сондай-ақ олардың шығармашылық қабілеттерін дамыту болды. Сурет байқауы арқылы оқушылар заңға бағыну, тәртіп сақтау, әділдік, жауапкершілік және азаматтық борыш тақырыптарын көркем түрде бейнеледі. Байқауға әртүрлі сынып оқушылары белсенді қатысып, өз ойларын сурет арқылы жеткізе білді. Қатысушылар салған жұмыстарында заң мен тәртіптің адам өміріндегі ролін, қоғамдағы тыныштық пен қауіпсіздіктің маңыздылығын, құқық пен міндеттің өзара байланысын көрсетті. Әрбір жұмыс мазмұнының тереңдігімен, идеясының ерекшелігімен және шығармашылық көзқарасымен ерекшеленді. Суреттерді бағалау барысында тақырыптың ашылуы, көркемдік деңгейі, ойдың нақтылығы және шығармашылық ізденіс ескерілді. Байқау оқушылардың заңға деген құрметін қалыптастырып, тәртіпті сақтаудың әр азамат үшін маңызды екенін ұғындыруға ықпал етті. Аталған сурет байқауы оқушылардың белсенділігін арттырып, олардың құқықтық мәдениетін қалыптастыруға және шығармашылық әлеуетін дамытуға зор үлес қосты.

<https://www.facebook.com/share/r/1C8aWL8Qxy/?mibextid=wwXlfr>

28.01.2026 күні мектебімізде 8–10 сынып оқушыларына арналған «Заң бар жерде – тәртіп бар» тақырыбында коучинг өткізілді. Коучингтің негізгі мақсаты – оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, заң талаптарын сақтаудың маңызын түсіндіру және жауапкершілік сезімін қалыптастыру. Іс – шара сергіту сәтімен басталып, оқушылардың қызығушылығын арттырды. Одан кейін викториналық сұрақтар арқылы білімдері сараланып, жағдаяттық тапсырмалар барысында өмірде кездесетін құқықтық жағдайлар талқыланды. Тренинг бөлімінде оқушылар өз ойларын еркін жеткізіп, заң мен тәртіптің қоғамдағы рөлі туралы пікір алмасты. Коучингті мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары мен мектеп психологтары ұйымдастырып, өткізді. Іс – шара оқушылардың белсенді қатысуымен өтіп, тәрбиелік әрі танымдық мәні жоғары болды.

<https://www.instagram.com/reel/DUQEVZNDPfV/?igsh=cTZoNnhwbmNkMmQ2>

28.01.2026 күні «Құқық және жауапкершілік» тақырыбында мектеп парламенті мүшелері 5–8 сынып оқушыларына арналған түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Іс-шараның мақсаты – оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, өз құқықтары мен міндеттерін дұрыс түсінуіне ықпал ету, сондай-ақ жауапкершілік сезімін қалыптастыру болды. Түсіндірме барысында оқушыларға мектеп ережелері, құқықбұзушылықтың салдары, күнделікті өмірде жиі кездесетін жағдайлар мысал ретінде келтіріліп, олардың алдын алу жолдары айтылды. Оқушылар белсенді қатысып, сұрақтарын қойып, өз ой-пікірлерін білдірді.

<https://www.facebook.com/share/r/1CAsQg179M/?mibextid=wwXIf>

Мектебімізде 3 – 4 сыныптар арасында «Өрт – тілсіз жау» тақырыбында тәрбие сағаты ұйымдастырылып, өткізілді. Тәрбие сағатының негізгі мақсаты – оқушылардың өрт қауіпсіздігі ережелері жөніндегі білімдерін қалыптастыру, өрттің шығу себептері мен оның адам өміріне тигізетін зияны туралы түсініктерін кеңейту, сондай-ақ төтенше жағдай туындаған кезде дұрыс әрекет етіп, өз өмірлерін қорғауға машықтандыру болды. Іс-шара барысында оқушыларға өрттің қауіптілігі, тұрмыста және мектепте өрттің алдын алу жолдары, сірінке мен электр құралдарын дұрыс пайдалану ережелері түсіндірілді. Сонымен қатар өрт болған жағдайда 101 нөміріне хабарласу, сабыр сақтап, қауіпсіз жерге шығу жолдары, үлкендердің көмегіне жүгіну туралы мағлұматтар берілді. Тәрбие сағаты сұрақ-жауап, әңгімелеу, көрнекі құралдар арқылы жүргізіліп, оқушылар белсенділік танытты. Іс-шара соңында балалар өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтаудың маңыздылығын түсініп, алған білімдерін күнделікті өмірде қолдана білуге дағдыланды. <https://www.facebook.com/share/p/1AX97HMzZF/?mibextid=wwXIf>

Мектебімізде 1-2 сыныптар арасында «Жол ережесін білейік, аман-есен жүрейік» тақырыбында әңгіме сағатымен, сурет байқауы өткізілді. Іс-шараның мақсаты – балаларды жолда жүру ережесімен таныстыру, еске сақтауға үйрету, жол қауіпсіздігін, өз өмірлерін сақтай білуге тәрбиелеу, жол ережесін білудің маңызды екенін түсіндіру. Әңгіме сағатының барысында жол белгілері, жаяу жүргіншілердің міндеттері және қауіпсіз жүріп-тұру ережелері туралы мағлұматтар берілді. Сонымен қатар «Жол ережесі» тақырыбында сурет байқауы ұйымдастырылып, байқауға белсенді қатысқан оқушылар марапатталды. Аталған іс-шара оқушылардың қызығушылығын арттырып, жол қауіпсіздігі туралы білімдерін нығайтуға ықпал етті.

<https://www.facebook.com/share/p/1DiEajUQ8J/?mibextid=wwXIf>

29.01.2026 күні “Заң мен тәртіп” қағидатын іске асыру мақсатында Атырау қаласы прокуратурасының бөлім прокуроры Сұлтан Самат мырзамен бірлескен кездесу шарасы өткізілді. Аталған кездесудің негізгі мақсаты – жасөспірімдер арасында құқықтық мәдениетті қалыптастыру, заң талаптарын сақтауға деген жауапкершілікті арттыру, сондай-ақ құқықбұзушылықтың алдын алу болып табылады. Кездесу

барысында прокурор оқушыларға кәмелетке толмағандардың құқықтары мен міндеттері, құқықтық жауапкершілік түрлері, соның ішінде әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік туралы жан-жақты түсіндіріп өтті. Сонымен қатар, күнделікті өмірде жиі кездесетін құқықбұзушылықтардың салдары мен олардың алдын алу жолдарына ерекше тоқталды. Іс-шара сұрақ-жауап форматында ұйымдастырылып, оқушылар өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, нақты әрі түсінікті жауаптар алды. Бұл өз кезегінде оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттырып, заңға деген құрмет сезімін нығайтуға ықпал етті. Кездесу соңында оқушыларды тәртіп сақтауға, заң талаптарын бұлжытпай орындауға, жауапкершілікті сезінуге шақырып, мұндай профилактикалық кездесулердің маңыздылығы атап өтілді.

<https://www.facebook.com/share/r/18A2j3GVzQ/?mibextid=wwXIfr>